

**Банктік шот және (немесе) банктік салым шартын бекіткен
жеке тұлға – клиенттің хабарламасы**

1. «ForteBank» АҚ (бұдан әрі – Банк) осы арқылы Сізге депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатындығын хабарлайды, оны растау ретінде Банкке 02.03.2015 жылғы №17 куәлігі берілді.

2. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес Сіздің депозитіңіз (салым)¹ депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

3. Заңға сәйкес кепілдіктің ең жоғары (шекті) сомасы келесіні құрайды:

- ұлттық валютадағы жинақ ақша салымы (депозиттер) бойынша **20 миллион теңге;**
- ұлттық валютадағы (жинақ ақша салымынан басқа) өзге депозиттер бойынша **10 миллион теңге;**
- шетел валютасындағы депозиттер бойынша **5 миллион теңге.**

Егер Банкте түрі мен валютасы әртүрлі бірнеше депозит (салым) орналастырылса, онда барлық депозит (салым) бойынша соманың жиынтық қалдығы, бірақ кепілдікті өтем сомасының ең жоғары сомасы – 20 миллион теңгеден аспайтын мөлшері, депозиттің (салымның) әрбір түрі бойынша шекті мөлшерін ескере отырып кепілдендіріледі.

Төленетін кепілдікті өтем мөлшері есептелген сыйақыны ескере отырып, депозит (салым) бойынша қалдық сомаға негізделіп, Банкті лицензиясынан айыру күні есептелетінін және келесілердің нәтижесі бойынша белгіленетінін **ескертеміз:**

- 1) Сіздің Банк алдындағы берешегіңіздің сомасын есептеу, мысалы, кредит бойынша;
- 2) шетел валютасындағы депозит (салым) бойынша қалдық соманы валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгеде қайта есептеу;
- 3) Банктегі түрі мен валютасы бойынша әртүрлі басқа депозиттер (салымдар) бойынша қалдық сомаларын ескере отырып, кепілдікті өтемнің жиынтық сомасын есептеу.

Сіздің депозитіңіздің (салымыңыздың) атауы, түрі, валютасы және басқа да талаптары, оның ішінде Заңда белгіленген кепілдікті өтемнің ең жоғары (шекті) мөлшері өтініште немесе Сіз бен Банк арасында банктік шот шарты және (немесе) банктік салым шарты, оның ішінде электрондық нысанда бекітілген кезде Сіз қол қойған басқа құжатта көрсетілетінін ескертеміз.

4. Банк барлық банктік операцияны жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған жағдайда «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі - ҚДКҚ) Сіздің депозитіңіз (салымыңыз) бойынша кепілдікті өтемді Банк лицензиясынан айырылған күннен бастап **35 жұмыс күні ішінде** төлей бастайды.

ҚДКҚ-ның кепілдікті өтемді төлеудің басталуы мен тәртібі туралы, сондай-ақ кепілдікті өтемді төлейтін агент банктер, төлем мерзімі мен орындары немесе Заңда көзделген жағдайда кепілдікті өтемді төлей бастауды кейінге қалдыру туралы хабарландыруы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (Егемен Қазақстан, Казахстанская правда), сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында және ҚДКҚ интернет ресурсында (www.kdif.kz) жарияланады.

5. Кепілдікті өтемді төлеу мерзімі **төлем басталған күннен бастап 1 жылды** құрайды. Сіз кепілдікті өтемді алу үшін төмендегідей өтініш беруіңіз қажет:

ҚДКҚ төлемдердің электронды порталы арқылы электронды нысанда не «электронды үкімет» веб порталы арқылы ҚДКҚ-ға немесе агент банктер тізбесінен таңдалған агент банкке, қағаз нұсқада.

Кепілдікті өтемді төлеу Сіз растайтын құжаттарды қоса бере отырып, кепілдікті өтемді төлеу туралы өтінішті берген кезден бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады. Сіз кепілдікті өтемді төлеу туралы өтініштер нысандарымен және растайтын құжаттар тізбесімен ҚДКҚ интернет ресурсында (www.kdif.kz) таныса аласыз.

ҚДКҚ-ның кепілдікті өтемді төлеу мерзімі аяқталғандығы туралы хабарламасы төлем мерзімінің аяқталуына 30 жұмыс күні қалғанда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (Егемен Қазақстан, Казахстанская правда), сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында және ҚДКҚ интернет ресурсында (www.kdif.kz) жарияланады.

6. Кепілдікті өтемді төлеу мерзімі (төлем басталған күннен бастап 1 жыл) аяқталған соң, Сіз талап етпеген кепілдікті өтем сомасын **ҚДКҚ** Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген тәртіпте «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да (бұдан әрі – БЖЗҚ) ашылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған **Сіздің жеке зейнетақы шотыңызға аударарды**. Кепілдікті өтемнің талап етілмеген сомасын БЖЗҚ-ға аудару талаптары Заңның 21-1 бабының 2-тармағында белгіленген.

7. Заңға сәйкес, егер төлем мерзімі ішінде өтінішті беруге кедергі келтірген дәлелді себептер болса, Сіз ҚДКҚ-ға растаушы құжаттарды қоса бере отырып, кепілдікті өтемді төлеу туралы жазбаша өтініш беруге құқылысыз (тіпті ҚДКҚ-ның Сіз талап етпеген соманы БЖЗҚ-ға аудару жағдайында да). Дәлелді себептердің тізбесі Заңның 21-1 бабының 4-тармағында белгіленген. Бұл ретте мұндай өтініш Банк түпкілікті таратылғанға дейін немесе «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығыңыз басталғанға дейін берілуі мүмкін.